

“Алақай” балабақшасы

“Армысың жаңа жыл”
Ашық сабақ



Тәрбиеші: Қосанқызы Мөлдір

2020-2021жыл

Бекітемін: Арыс

Күні: 25.12.2020 ж.

Жаңа жыл мерекесіне орай безендірілген залға музыка ырғағымен сәнді киінген балалар залға кіреді.

Тақырыбы: «Армысың, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұматты жетілдіру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір-біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Жаңа жылдық шырша, ертегі кейіпкерлері, ойын құралдары.

Әдіс-тәсілдері: Ән айту, би билеу, тақпақтар айту, ертегі көріністерін сахналау.

Зал Жаңа жыл мерекесіне сай безендірілген.

Тәрбиеші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Бақыт, шаттық, молшылық пен тыныштық,

Бәрімізге әкелсін мына арай жыл.

Құрметті қонақтар, балалар көптеп күткен мерекеміз жаңа жылда келіп жетті. Биылғы жаңа жыл баршамыздың отбасыларымызға бақыт, береке, ынтымақ алып келсін.

Балалар, бүгінгі жаңа жылдық тәрбие сағатымызды «Жаңа жыл» әнімен бастайық.

Ән: «Жаңа жыл»

Тәрбиеші: Бәрекелді, жарайсындар! Қараңдаршы, айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп - әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз. Бірақ, ... шыршамыз көңілсіз, қане біздің сиқырлы таяғымыздың көмегімен, сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

Бәрі: Қуант, бізді, таңырқат

Шамдарыңды жарқырат! 3 рет

(Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

Тәрбиеші: Ендеше, шыршамызға тақпақтарымызды айтайық.

Мұнтазбегім:

Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Айзере:

Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты баршаны.

Той - маскарад басталды,

Аяз оны басқарды.

Ерке:

Әдемілеп бізілген ,

Ойыншықтар тізілген .

Қандай әсем шыршамыз ,

Ән шыққайық баршамыз .

«Армысын, Жаңа жыл» Ашық сабақ



